

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенінің аумағында кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты бөлігіндегі қызметінің тәртібі туралы хаттамаға қол қою турали

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 маусымдағы № 682 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты бөлігіндегі қызметінің тәртібі туралы хаттаманың жобасы макулданын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Владимир Сергеевич Школьникке Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты бөлігіндегі қызметінің тәртібі туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

**Ескеरту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.09.2014 № 1019 қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

19

маусымдағы

№

682

қаулысымен

мақұлданған

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінің аумағында кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысты бөлігіндегі қызметінің тәртібі туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі мен Ресей

2005 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін Ресей Федерациясының жалға алуы жағдайында оның аумағында экология және табиғатты пайдалану жөніндегі келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 2-бабын назарға ала отырып,

1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалдау шартының (бұдан әрі – Жалдау шарты) ережелерін негізге ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап. Жалпы ережелер**

«Байқоңыр» кешеніндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың (ведомстволық тиесілігіне қарамастан) әрекеттері төтенше экологиялық жағдайдың немесе экологиялық зілзаланың туындауына әкеп соқтырған жағдайларды қоспағанда, «Байқоңыр» кешенінде аумағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың, әскери бөлімдердің, басқа да занды тұлғалардың (ведомстволық тиесілігіне қарамастан) табиғи ресурстарды пайдаланумен және қоршаған ортаға әсер етумен байланысты шаруашылық және өзге де қызметі осы Хаттаманы және «Байқоңыр» кешені бойынша басқа да екіжақты келісімдерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) нормаларына және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті регламенттейтін және осы Хаттаманы жасау кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады. Осы әрекеттерге қатысты оларды анықтау кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы қолданылады.

### **2-бап. Тараптардың уәкілетті органдары**

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін Тараптардың уәкілетті органдары:  
Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі;  
Ресей тарапынан – Федералдық ғарыш агенттігі және Байқоңыр қаласының  
әкімшілігі

б о л ы п

т а ы л а д ы .

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.09.2014 № 1019 қаулысымен.**

### **3-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама**

Тараптардың уәкілетті органдары «Байқоңыр» ғарыш айлағында пайдалануға жоспарланып отырған ресейлік зымыран-ғарыш техникасына мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының атқарушы билік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін бекітеді.

Ресей Федерациясының мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері «Байқоңыр» ғарыш айлағында пайдалануға Ресей Федерациясы жоспарлап отырған зымырандар мен тасымалдағыш зымырандардың перспективалық үлгілеріне жобалық материалдар

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері Жалдау шартына № 2 қосымшаға енгізілмеген, «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын тасымалдағыш зымырандардың бөлінетін бөлшектерінің құлау аудандарының қоршаған ортаға әсер етуін бағалау материалдары, қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың бірге жүретін материалдары бар «Байқоңыр» кешені объектілерінің жоспарланып отырған шаруашылық қызметінің жобалары, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуді бағалау материалдарымен бірге жүретін реконструкциялау, дамыту, техникалық қайта жарақтандыру, қайта бейіндеу және жобалары, «Байқоңыр» кешенінің жұмыс істеп тұрған объектілері үшін қоршаған ортаға ластаушы заттардың эмиссиялары нормативтерінің жобалары болып табылады.

«Байқоңыр» кешенінің объектілеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындылары қолданылатын табигат пайдалану технологиялары мен шарттары өзгергенге дейін қолданыста болады.

#### **4-бап. Табигат пайдалану**

«Байқоңыр» ғарыш айлағының объектілері үшін Тараптардың уәкілетті органдары келіскең нысан бойынша табигат қорғау іс-шараларының бірыңғай жоспары әзірленеді, ол орындау үшін міндettі болып табылады.

#### **5-бап. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы**

«Байқоңыр» ғарыш айлағының жалға алынған объектілері табыс көздері болып табылатын, «Байқоңыр» кешенінің объектілеріне қатысты қолданылатын қоршаған ортаға эмиссияның Қазақстан Республикасының уәкілетті органы келіскең нормативтері (бұдан әрі – эмиссияның келісілген нормативтері) шегінде қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы алынбайды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағының объектілері табыс көздері болып табылатын, эмиссияның келісілген нормативтерінен тыс қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны «Байқоңыр» кешені объектілерін пайдаланатын кәсіпорындар мен ұйымдар, әскери бөлімдер, басқа да заңды тұлғалар (бұдан әрі – табигат пайдаланушылар) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырады. Төлемақы мөлшерлемелері төлемдерді жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысында қолданылатын мөлшерлемелерге үқсас айқындалады. «Байқоңыр» ғарыш айлағының объектілері табыс көздері болып табылатын, эмиссияның келісілген нормативтерінен тыс қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Байқоңыр қаласының бюджетіне түседі, түсетін қаражат кейіннен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталады.

Байқоңыр қаласының аумағында қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Байқоңыр қаласының әкімшілігі басшысының қаулысына сәйкес Байқоңыр қаласының бюджетіне төленеді, түсетін қаражат кейіннен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталады.

1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Байқоңыр қаласының мәртебесі және ондағы атқарушы өкімет органдарын құрудың тәртібі мен олардың мәртебесі туралы келісімге сәйкес Байқоңыр қаласының әкімшілігінде тіркелмеген және «Байқоңыр» ғарыш айлағының аумағында жұмыс істейтін қазақстандық кәсіпорындар мен үйымдар қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға тиіс. Төлемақы мөлшерлемері төлемдерді жүзеге асыру кезінде Қызылорда облысында қолданылатын мөлшерлемерге ұқсас айқындалады. Эмиссиялар үшін төлемақы Қызылорда облысының бюджетіне түседі.

Зымырандар мен тасымалдағыш зымырандарды ұшыру кезінде атмосфераға келісілген эмиссия нормативтері Ресей Федерациясының мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы бар қоршаған ортаға әсер етуді бағалау материалдарында көрсетілген ластаушы заттардың көлемдері мен құрамы болып табылады. Көрсетілген нормативтер «Байқоңыр» кешенін Ресей тарапының жалға алуы аяқталғанға дейін қолданылады.

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан зымырандар мен тасымалдағыш зымырандарды ұшыру кезінде озон қабатына әсер етудің жол берілетін нормативтері қолданылмайды.

## **6-бап. Экологиялық мониторинг**

«Байқоңыр» кешенінде аумағындағы экологиялық мониторинг мемлекеттік және өндірістік экологиялық мониторинг түрінде жүзеге асырылады.

«Байқоңыр» кешенінде аумағындағы мемлекеттік экологиялық мониторингті (қоршаған орта және табиғи ресурстар мониторингін) Қазақстан Республикасының арнайы уәкілетті мемлекеттік органдары Кодекске сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік мониторингті жүзеге асыратын тұлғалардың «Байқоңыр» кешенінде объектілеріне кіруі 2009 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенінде объектілеріне бару тәртібі туралы келісімде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өндірістік экологиялық мониторинг өндірістік экологиялық бақылау элементі болып табылады және оны табиғат пайдаланушылар белгіленген мерзімділікпен объективті деректер алу үшін жүзеге асырады.

Экологиялық мониторингті жүзеге асыру кезінде Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес аттестатталған, ластанулардың болуына қоршаған орта объектілерін талдау әдістемелері ғана пайдаланылуы мүмкін.

## **7-бап. Экологиялық паспорттау**

Ресей тарапы «Байқоңыр» ғарыш айлағын экологиялық паспорттауды қамтамасыз етеді.

Экологиялық паспорттауды жүргізу тәртібін және «Байқоңыр» ғарыш айлағының объектілеріне арналған экологиялық паспорттар нысандарын, сондай-ақ статистикалық есептілік нысандарын Тараптардың уәкілетті органдары белгілейді.

## **8-бап. Экологиялық бақылау**

«Байқоңыр» кешенінің аумағындағы экологиялық бақылау мемлекеттік және өндірістік экологиялық бақылау түрінде жүзеге асырылады.

«Байқоңыр» кешенінің аумағындағы мемлекеттік экологиялық бақылау Келісімді ескере отырып, Кодекске сәйкес жүзеге асырылады.

Өндірістік экологиялық бақылауды табиғат пайдаланушылар әзірлейтін және Қазақстан тарапының уәкілетті органдарымен келісілген өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының негізінде табиғат пайдаланушылар жүргізеді.

## **9-бап. Экологиялық аудит**

«Байқоңыр» кешенінің аумағында міндетті экологиялық аудит қолданылмайды. Бастамашылық экологиялық аудит Кодекте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

## **10-бап. Экологиялық ақпарат**

Осы баптың мақсаттары үшін экологиялық ақпарат деп «Байқоңыр» кешенінің аумағында экологиялық мониторингті жүзеге асыру кезінде алынған немесе экологиялық бағыттағы бірлескен бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде алынған ақпарат

түсініледі.

Экологиялық ақпаратқа кез келген үшінші тұлғалардың қол жеткізуі көрсетілген ақпаратты қамтитын материалдарды Келісімнің 6-бабына сәйкес құрылған ғылыми-техникалық кеңес мақұлдағаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Уәкілетті органдар мен табиғат пайдаланушыларды қоса алғанда, мемлекеттік билік органдары, кәсіпорындар, ұйымдар арасында экологиялық ақпарат алмасу кезінде берілетін ақпаратпен жұмыс істеуде қосымша шектеулер жазбаша келісілуі мүмкін.

Уәкілетті органдар мен табиғат пайдаланушыларды қоса алғанда, қазақстандық мемлекеттік билік органдарының, кәсіпорындардың және ұйымдардың иелігіндегі экологиялық ақпаратпен жұмыс істеу тәртібі оны алу кезінде келісілген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде айқындалады.

Уәкілетті органдар мен табиғат пайдаланушыларды қоса алғанда, ресейлік мемлекеттік билік органдарының, кәсіпорындардың және ұйымдардың иелігіндегі экологиялық ақпаратпен жұмыс істеу тәртібі оны алу кезінде келісілген шектеулерді ескере отырып, Ресей Федерациясы заңнамасының негізінде айқындалады.

## **11-бап. Дауларды шешу**

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге және (немесе) орындауға байланысты Тараптар арасында даулар туындаған жағдайларда, Тараптар немесе уәкілетті органдар оларды реттеуге қол жеткізу үшін консультациялар немесе келіссөздер жүргізеді.

## **12-бап. Қорытынды ережелер**

Осы Хаттама оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы жазбаша нысандағы соңғы хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап, бірақ Келісім күшіне енген күннен емес күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданылу мерзімі ішінде қолданыста болады.

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісу бойынша жазбаша нысанда өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, олар осы Хаттаманың күшіне енуіне қатысты белгіленген тәртіпке сәйкес күшіне енеді.

2014 жылғы «\_\_\_\_\_» қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК